

«БЕКІТІЛДІ»

**«Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(№1 хаттама, «10» ақпан 2025 ж.)**

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы
ЕРЕЖЕ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже жоғары академиялық жетістіктерді, әлеуметтік белсенділікті, сондай-ақ ғылыми, спорттық және мәдени жетістіктерді көрсететін бакалавриат студенттерін көтермелеу және әлеуметтік көмекке мұқтаж студенттерді қолдау мақсатында әзірленген.
- 1.2. Осы Ережеде көрсетілген жеңілдіктер мемлекеттік білім беру гранттары немесе мамандар даярлауға тапсырыс берушілермен жасалған шарттар бойынша білім алушыларға, сондай-ақ басқа ұйымдардан, қорлардан немесе демеушілерден оқуға жеңілдіктер алған білім алушыларға қолданылмайды және т.б. ақпаратты ұсынбау жеңілдіктің күшін жоюға себеп болады.
- 1.3. Білім алушылардың білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдік беруге өтініштерін қарау және шешім қабылдау үшін университет Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен жылына екі рет өз жұмысын жүргізетін комиссия құрылады.
- 1.4. Білім беру қызметтерінің ақысына жеңілдік алуға үміткер білім алушылар факультет деканаттарына ұсынатын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, университет Басқарма Төрағасы – Ректорының атына өтініш береді.
- 1.5. Өтініш беру жылына екі рет жүзеге асырылады. Өтініштерді қарау нәтижелері қаралған сәттен бастап 15 күннен кешіктірілмей жарияланады.
- 1.6. Оқу жылының бірінші кезеңде жеңілдік алған білім алушылар, екінші кезеңде қарастырылмайды.
- 1.7. Факультет деканаттары ұсынылған құжаттардың жеңілдіктер беру шарттарына сәйкестігін алдын ала қарауды жүзеге асырады, оларды жүйелейді және белгіленген мерзімде университет комиссиясына ұсынады.
- 1.8. Құжаттардың толық болмауы өтінішті қараудан бас тартуға негіз болып табылады.
- 1.9. Академиялық қарызы бар білім алушылар жеңілдіктер алуға өтініш беруге қатыса алмайды.
- 1.10. Марапаттар университет деңгейінен бастап есептеледі (қатысқаны үшін сертификаттар есепке алынбайды).
- 1.11. Жеңілдік беру тәртібі және қажетті құжаттар тізбесі осы Ереже қосымшасында реттеледі.
- 1.12. Ережеде көрсетілген жеңілдіктер бюджеттен тыс қаражат есебінен беріледі.

II. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕҢІЛДІКТЕР

№	Студенттер санаттары	Критерийлер	Жеңілдік мөлшері
1.	Тұл жетім; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектікке байланысты ата-аналарының екеуі де еңбекке жарамсыз балалар немесе ата – анасының біреуі қайтыс болып, екіншісі еңбекке жарамсыз болған жағдайда	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,0-ден кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	100%
2.	Мүмкіндігі шектеулі студенттер I топ	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,0-ден кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	
3.	ҰБТ-да кемінде 105 балл жинаған, бірақ білім беру грантына ие болмаған «Алтын белгі» белгісінің иегерлеріне	Ағымдағы оқу жылына. Тек 1-курс білім алушыларына	
4.	Ғылыми-зерттеу және Start-up жобаларына, университеттің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысатын оқу озаттары	Ағымдағы оқу жылына GPA 3,85 төмен емес	
5.	Мүмкіндігі шектеулі студенттер II, III топ	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,0-тен кем емес (1 курс білім алушыларынан басқа)	50%
6.	Шетел азаматтарына (Хериот-Уатт кампусының білім алушыларынан басқа)	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,5-тен кем емес (1 курс білім алушыларынан басқа)	
7.	Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрыққа сәйкес соңғы екі оқу жылында мектеп түлектері арасында өткізілетін халықаралық және республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалардың жүлдегерлеріне	Ағымдағы оқу жылына I, II, III орындар. Тек 1-курс білім алушыларына	

8.	Ғылыми-зерттеу және Start-up жобаларына, университеттің қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын оқу озаттары	Ағымдағы оқу жылына GPA 3,70 кем емес	
9.	Көпбалалы отбасынан шыққан екі немесе одан да көп студенттер бір мезгілде ақылы негізде оқыса (егер бір отбасыдан бірнеше студент «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-да ақылы негізде оқыса, онда жеңілдік олардың әрқайсысына қолданылады).	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,5-тен кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	25%
10.	Төтенше жағдай кезінде үйі жаһандық немесе өңірлік ауқымдағы әлеуметтік, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде зардап шеккен жағдайда (міндетті түрде растау құжаттары болуы тиіс)	Жеңілдік бір оқу жылына беріледі.	
11.	Университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатындарға, оның ішінде студенттік парламент жұмысының дамуына, кәсіптік бағдар беру жұмыстары, дебат клубы, волонтерлық қозғалыс және т.б. бағыттарда	2-курс GPA 3,3 кем емес	
3-курс GPA 3,3 кем емес		35%	
4-курс GPA 3,3 кем емес		50%	
12.	Университет қызметкерлерінің балаларына (университеттегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл) – оқу ақысына жеңілдік (егер бір отбасында бірнеше білім алушы ақылы негізде «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-да білім алса, онда аталған жеңілдік олардың әрқайсысына қолданылады).	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,0-ден кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	100 000 теңге
13.	Спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа, Азия, ҚР чемпиондары мен жүлдегерлері (жергілікті турнирлер есепке алынбайды), туризм және спорт Министрлігі немесе халықаралық ұйымдастыру комитеті шеңберінде өткізілетін халықаралық шығармашылық конкурстардың (1-	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,2-ден кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	150 000 теңге

	орын), спорт жарыстарының жеңімпаздары халықаралық деңгейде		
14.	Туризм және спорт министрлігі немесе ғылым және жоғары білім министрлігі шеңберінде өткізілетін республикалық шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары (1-орын).	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,2-ден кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	120 000 теңге
15.	Тиісті министрліктің бастамасымен жастар саясатының өзекті мәселелері бойынша мектеп және колледж түлектері арасында ағымдағы жылдың 1 қаңтары мен 1 қазаны аралығында өткізілген республикалық пікірсайыс турнирлерінің жеңімпаздары (1-орын).	Ағымдағы оқу жылына Тек 1-курс білім алушыларына	120 000 теңге
16.	Стандартты емес академиялық жағдайлар немесе осы Ережеде көзделмеген күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда, комиссия неғұрлым икемді оқу жағдайларын ұсыну мүмкіндігін қарастыруы мүмкін (гранттан айырылған жағдайда оқу ақысын төлеу шарттарын қайта қарау). Университетке ерекше еңбегі сіңген білім алушылар (Сәйкес проректорлардың ұсынысымен оқу жылы бойына тұрақты университет мүддесі үшін ақысыз қызмет еткен білім алушы).	Ағымдағы оқу жылына GPA 3,0-ден кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	100%
17.	Университеттің Студенттер үйлеріндегі немесе Жастар үйіндегі қоғамдық жұмысқа белсене араласқаны үшін жатақханаларда тұру ақысынан 1 жылға босатылады (студенттер үйлері немесе жастар үйінің меңгерушілерінің қызметтік хатымен 1-курс білім алушыларынан басқа);	Ағымдағы оқу жылына GPA 2,2-ден кем емес (1-курс білім алушыларынан басқа)	Университеттің студенттер үйіне бір жылға тұру ақысынан босату

III. ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ЖЕҢІЛДІГІН ЖОЮДЫҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

3.3.1. Академиялық адалдық кодексінің бұзылуы.

3.3.2. Университетте бекітілген ережелерді бұзу.

3.3.3. Басқа ұйымдардан жеңілдіктер алу, мамандарды даярлауға тапсырыс берушілермен, сондай-ақ әртүрлі қорлардан немесе демеушілерден, стипендия немесе оқуға жеңілдіктер алған білім алушылармен жасалатын шарттар.

3.3.4. Бос мемлекеттік білім беру гранттарына ауыстырылуы.

3.3.5. Ақпаратты дұрыс бермеу жеңілдіктің күшін жоюға әкелуі мүмкін.

3.3.6. Академиялық демалысты рәсімдеу.

3.3.7. Ұсынылған құжаттардың дұрыс болмауы анықталған жағдайда.

3.3.8. Басқа ЖООКБҰ ауысу;

3.3.9. Ағымдағы оқу жылының күзгі және көктемгі емтихан сессиясының қорытындылары бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студенттердің тізімін факультет декандары білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы бұйрыққа өзгерістер енгізу үшін жеңілдіктер беру жөніндегі комиссияға ұсынуға міндетті.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Білім алушылар осы Ережеде көзделген жеңілдіктер түрлерінің біреуін ғана алуға құқылы.

4.2. Осы Ереже Президенттік стипендия иегерлеріне, сондай-ақ облыс әкімі стипендиясының иегерлеріне, түрлі кәсіпорындар мен ұйымдардан және меценаттар тарапынан көмек көрсетілген жағдайда қолданылмайды.

4.3. Комиссия шешімі университет Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

4.4. Білім алушыларға білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер беру туралы бұйрықтың көшірмелері факультет деканаттарына және университеттің бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің жіберіледі.


ҚОСЫМША

Ұсынылатын құжаттардың тізімі

- Жеке куәлік немесе паспорт көшіресі;
- Транскрипт (платонус жүйесінен);
- Туу туралы куәліктің көшірмесі;
- Ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің және қорғаншылық белгілеу туралы әкімдік қаулысының (шешімінің) көшірмесі;
- мүгедектікті белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының куәлігінің көшірмесі;
- ҰБТ сертификатының көшірмесі;
- төтенше жағдай орын алғандығын анықтайтын құжаттар;
- университеттің персоналды басқару департаментінен ата-анасының лауазымы мен ЖОО-дағы жұмыс өтілі көрсетілген анықтама;
- Қоғамдық, ғылыми, академиялық және басқа жұмыстарға белсенді қатысқандығын растайтын құжаттар, құрылымдық бөлімшелерден өтініш хат (мысалы: факультеттер, департаменттер немесе университеттің басқа құрылымдық бөлімшелері).

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма Төрағасы – Ректор



Карабасова Л.Ч.

Проректор – Академиялық мәселелер
жөніндегі басқарма мүшесі



Мясникова Л.Н.

Басқарма мүшесі – Ғылыми және инновациялық
жұмыс жөніндегі проректор



Бекназаров Р.А.

Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму
жөніндегі проректор



Хусаинов Д.С.

Басқарма мүшесі – Қаржы және
инфрақұрылым жөніндегі проректор



Есенбаева Г.Е.

Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және
Тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор



Тастанкулов Е.С.

Ректор кеңесшісі



Мұхтаров С.С.

Бухгалтерлік есеп және есептілік
департаментінің директоры



Шаукилова М.Х.

Заң департаментінің директоры



Алиманова Л.Б.